



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Үшіншіден, ресурстық әлеуетті одан әрі қарқындата түсуге жүргізіліп отырған Зайсан қазаншұңқырлық кайнозойлық ойыстардың учаскелерін кең ауқымды зерттеу ықпал ететін болады.

Экономикалық әлеует – жоғары дамудың алғышарты. Оны жүзеге асыру терең ойластырылған стратегияға байланысты. Мұнда табиғи жағдайлар мен табиғи ресурстар шешуші рөл атқаруы тиіс. Осы арқылы ресурстарды экспортқа шығару тәуелділігін әлсіретіп, елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге болады.

Зайсан ауданының даму стратегиясы ауданды түпкілікті жаңалауға (модернизациялауға) бағытталған. Онда жаңа типті жоғары дамыған экономика құру басты орын алады. Мұндай экономиканың сипаттары:

- ең алдыңғы қатарлы технологияны қолданады;
- шикізат, сонымен қатар күрделі (жоғары технологиялық) дайын өнім өндіреді;
- ауданаралық шаруашылық байланысына қызмет көрсетеді;
- әрбір аудан тұрғынының лайықты өмір сүру деңгейіне көтереді.

Пайданылған әдебиеттер:

1. <http://www.zaysan.vko.gov.kz/ru/akim.htm>
2. Бейсенова А.С. Физико – географияческое исследование Казахстана. Алма – Ата.: 1982, 58 б.
3. Байбатыров Ғ. Зайсан тарихы : Өскемен : Б.ж., 2003. - 180 б.

ӘОЖ338.48

ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ЗОНА РЕТІНДЕ ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ПОТЕНЦИАЛЫ

Телеубай Жанасыл Бағланұлы

zhanasy11st@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, Туризм мамандығының І-ші курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Гиззатжанова А.Г

Туризм, бүгінгі таңда даму қарқыны ең жоғарғы деңгейдегі салалардың біріне айналып отырғаны хақ. Соның ішінде Қазақстандағы туризмнің дамуы отандық экономиканың шарықтауына, тұрғылықты халықтың әл-ауқатының жақсаруына мүмкіндік беретіні сөзсіз. Қазақстандағы туризмді дамытуда Қапшағай қаласы мен Қапшағай су қоймасының мүмкіндіктері өте жоғары.


Қапшағай қаласы Алматы облысының солтүстік-шығысында орналасқан, 1970 жылы негізі қаланған. Қапшағай қаласы Іле ауданының аудан орталығы болып табылады. Қала 3600 шаршы метрді құрайды. Қалада қазіргі таңда 2 округ және 11 елді мекен бар. Қапшағай бөгетінің солтүстік батысында 20 шақырым жерде Іле өзенінің оң жағасында Тамғалы тас орналасқан. Бұл өңірде 54,4 мыңнан астам адам тұрады. Қала Қапшағай бөгеті жағасында бой көтерген. Қапшағай халықтың ең көп демалатын жерлерінің бірі болып саналады. Қаланың тұрақты тұрғындарының саны 50898 адам. 1998 жылы қаланың әкімшілік-территориялық бағынуына Шеңгелді округі берілді, сонымен қатар қала құрамына 8 елді мекен кіреді, олардың барлығы ауылдық елді мекендер [1].

Қапшағай қаласының туристік зона ретінде дамуы Қапшағай су қоймасының ресурстарына негізделеді. Қапшағай су қоймасы Қазақстандағы ең үлкені болып табылады. Жасанды су қойманың ұзындығы 100 км, ені 25 км [2].

Су қоймаларындағы шомылатын-жағажай демалысын бағалау мынадай көрсеткіштер негізінде жасалады: жағалаудың сипаттамасы, суға түсетін орындары, жағажай сипаты, жағалаудың тереңдік деңгейі, ағыстың жылдамдығы (өзендер үшін), судың температурасы

және экологиялық жағдайы. Рекреация үшін ең қолайлысы таза су қоймалары болып табылады (ластанудың 1-3 кластары), яғни, жағасы құрғақ, жағалаудан түсу аймағы тік емес, суға түсу аймағы ашық, жағажайы мен судың шет аймағы құмнан және ұсақ тастардан тұратын су қоймалары. Рекреация (латын сөзінен *recreatio* - қалпына келтіру) - адамның еңбек процесінде жұмсаған дене және рухани күштерін қалпына келтіру мен дамыту[3].

Қапшағай қаласының туристік аймақ ретінде дамуына қаланың орналасқан жері, табиғи-климаттық жағдайлары оңтайлы болып табылады. Табиғи-климаттық жағдайларына байланысты, бұл жер жағажай демалысына таптырмайтын орын болды. Жазда бұл жердің ауа температурасы $+40^{\circ}\text{C}$. Мамыр-маусым айларында су температурасы $+18+20^{\circ}\text{C}$ жетсе, шілде -тамыз айларында $+22+28^{\circ}\text{C}$ дейін жетеді. Яғни, Қапшағай су қоймасы рекреация үшін өте қолайлы аймақ екені даусыз. Дегенмен, біздің еліміздің тұрғындары, әсіресе Астана, Алматы, Қарағанды, Шымкент сияқты үлкен қалаларымыздың тұрғындары рекреация үшін шетелдік демалыс орындарын таңдап, басқа мемлекеттерде демалуды әдетке айналдырып жүргенін көріп отырмыз.




Сурет 1 – Туристтік фирмалар қызмет көрсеткен келушілер санының динамикасы (мың адам)

Қапшағай су қоймасының табиғи-климаттық жағдайын білмегендіктен бе, әлде экологиялық жағдайға байланысты ма, балық өнімдерінің болмауы немесе сервистік қызмет көрсету дәрежесі төмен болуы ма деген сұрақ туындайды (Кесте 1).

Кесте 1- Қапшағай су қоймасының жағдайы

Атауы	Шомылуға арналған жағажай	Экологиялық жағдайы	Көліктің жете алуы	Балықтардың түрлері	Таны мал-дылығы
Қапшағай су қоймасы	Су қоймасының бүкіл оң жағалауы	Суы таза, құрамында токсиндік заттар жоқ	Жол жаңа, өте ыңғайлы	Лещ, Вобла, Судак, Сазан, Карп және т.б.	Жарнама жоқ

Кестеден жарнаманың жоқ екендігін көруге болады. Теледидардан, көшелердегі жарнамалардан туристік фирмалар шетелдік демалыс орындарына демалуға шақырып жатқанын күнделікті көреміз. Өз еліміздегі туризмді дамыту қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі. Қапшағай су қоймасында рекреацияны дамыту қаланың аймақтық даму факторы екендігі сөзсіз. Осыған орай қала әкімшілігі қандай шаралар қолданып, қандай жоспарларды жүзеге асырып жатқандығынан хабардар болайық (сурет 2).



Сурет 2 – Ғаламтор жүйесінде Қапшағай қаласы жайында жарнама

«Google» ізденіс жүйесінде Қапшағай қаласы жайлы жарнама мен ақпараттың өте аз, яғни жоқтың маңында екенін көріп отырмыз.

Қапшағай өңірінің 2011-2015 жылдарға арналған даму Бағдарламасына сәйкес 2013 жылы Қапшағай қаласында аумағы 1 га болатын «LST Market» жылыжай кешенінің құрылыс жұмысы жүргізілді. [4].

2014 жылдың басынан бері 11 айда негізгі капиталға 27220,1 млн. теңге инвестиция тартылды немесе 2013 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 286,3 % орындалды. Нақты индекс көлемі 275,6% құрады. 2015 жылы 22600,0 млн. теңге инвестиция тарту жоспарлануда. Яғни, Қапшағай қаласы инвесторларды қызықтырған болса, болашақта қарқынды дамитыны сөзсіз. Жасалып жатқан жұмыстардың Қапшағай қаласының туристік аймақ ретінде дамуына ықпалы өте үлкен болғанымен, алда атқарылар шаруа қыруар. [5]

Қапшағай қаласы туристік-рекреациялық аймағының дамуын бағалау бойынша Астана тұрғындарына сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі келесі кесте 2 –де көрсетілген.



Диаграмма 1 - Қапшағай қаласы туристік-рекреациялық аймағының дамуын бағалау бойынша сауалнама нәтижесі

2009 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықта ҚР Индустрия және даму департаментінің басшылығымен Қапшағай су қоймасының жағалауында “Жаңа Іле” халықаралық туристік орталығын салу қолға алынған. Бөлінген қаражат мөлшері: 3 000 000тг.

Кесте 3 – Қапшағай қаласының рекреациялық ортасына SWOT талдау

Straghts	Weaknesses
-географиялық орны -климаты -республикалық және халықаралық автомобиль және теміржол жолдарының бойында -балық аулау шаруашылығы дамуда -сейсмикалық апттарды болдырмауы	-өзен кемелерінің тұрақтары жоқ -жарнаманың жоқтығы -туристік ірі нысандардың жоқтығы -бәсекелестіктің жоқтығы -шағын және орта бизнестің дамымауы -білікті мамандардың жетіспеушілігі -қызмет көрсету сапасының төмендігі -жаңа технологиялардың қолданылмауы
Opportunities	Threats
-еліміздің алдыңғы қатарлы туристік орталыққа айналуы -демалыс орындарын дамыту -ойын-сауық бизнесінің дамуы -бәсекеге қабілетті туризмді дамыту -қызмет көрсету саласын жақсарту	-туристік нысандардың дамымауы -инвестицияның бөлінбеуі -судың ластануы -бағаның қымбаттылығы -экологиялық зардаптар

Осы алдындағы жағдайды ескере отырып, аймақтың туризмін дамытудың келесідей жолдарын ұсынуға болады:

- велотуризмді дамыту
- бүгінгі таңдағы жарнама және қызмет көрсетуде озық технологиялар қолдану
- өзен жолдарын дамыту
- қолдан аттрактивті нысандар салу (Көшпенділер фильміндегі қалашық)
- инвестиция мөлшерін арттыру
- туризмнің барлық түрлерін дамыту

Қапшағай қаласының туристік зона ретінде дамуына Қапшағай су қоймасының алатын орны орасан екені даусыз. Өз еліміздің, жеріміздің байлығын тиімді қолданып, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін, отынымыздың экономикасына пайда әкелетін, тұрғылықты халықтың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік беретін осындай игі істермен айналысу өскелең ұрпақтың үлесі деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Интернет ресурстары visitkazakhstan.kz және т.б.
2. www.kapshagay-gov.kz/kaz/news/0296_newskz.php
3. Романов А.А., Саакянц Р.Г. География туризма: Учебное пособие. – М.: Советский спорт, 2002. – 464 с.
4. Қапшағай қаласының әкімі Н.А.Таубаевтың «Қапшағай қаласының 2013 жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 2014 жылға арналған міндеттері туралы» халық алдындағы есебінің тезистері.

5. Қапшағай қаласының әкімі С.М. Кикимовтың «Қапшағай қаласының 2014 жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 2015 жылға арналған міндеттері туралы» халық алдындағы есебінің тезистері

ӘӨЖ 551(574.25)

ҚҰРЫЛЫСҚА ҚАЖЕТТІ РУДАСЫЗ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫҢ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА ТАРАЛУЫ, ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Тугайбаева Айнурым Талгатовна

ainuka_777@mail.ru

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты география және химия кафедрасының «5В011600 - География» мамандығының 4 курс студенті, Павлодар, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Елемесов Әлібек Қаблахатұлы

Қазақстан Республикасы өзінің жер қойнауының мол байлығымен дүние жүзіне әйгілі. Қазақстанның жер қыртысында 90 – нан астам пайдалы қазба түрілері кездеседі. Елімізде 6 мыңға жуық пайдалы қазбалар кен орны ашылған. Бүгінгі таңда Қазақстан дүние жүзінде пайдалы қазбалар қоры бойынша жетекші мемлекеттерінің бірі (6 орын) болып отыр.

Қазақстан әктас, мергель, бор, мәрмәр, гипс, отқа төзімді саз, кварцты құм, минералды бояулар сияқты құрылыс материалдарына да бай. Пайдалы қазбалардың халық шаруашылығы үшін маңызы зор. Көптеген пайдалы қазбалар жер бетіне жақын жатқандықтан, оларды қазып алу көп шығынды талап етпейтін ашық әдіспен өндіріледі.

Қазақстан Республикасының рудасыз пайдалы қазбалар қоры жеткілікті. Әр облыстың құрылысқа қажетті материалдардың баршылығы өз елімізді көркейтуге, өз шикізатымызды пайдаланып, кен орындардың қорларын пайдалануға мүмкіндік арттыруымыз қажет.

Қазақстанда минералды шикізат қорының барлық түрі бар. Бірақ мұнай, көмір, темір рудасы, т.б. минералды ресурстар шексіз емес. Олардың жалпы қоры пайдаланылған сайын азая береді. Кейбір кен орындары сатылып, барлау нәтижесінде жаңа кен орындары ашылып жатыр. Мұның өзі жер қойнауы байлығын қорғауды талап етеді. Сонымен бірге кен орындарын игеру ісі табиғат қорларының (топырақ жамылғысы, жер асты және жер беті сулары, орман, егістік, жер, ауа т.б.) жағдайына әсерін тигізеді. Сондықтан сарқылатын қорларды кешенді әрі тиімді пайдалану және оларды сақтап, қорғау ісін жүйелі түрде жүргізу қажет. [1]

Қазіргі таңда еліміз бен президентіміздің алдыға қойған индустриалды-инновациялық дамыту, Қазақстан 2050 секілді ірі-ірі бағдарламалар шеңбері жоспарланған. Осы бағдарламаларға сәйкес біздің ізденісіміздің басты мақсаты, Павлодар облысындағы құрылысқа қажетті рудасыз пайдалы қазбалардың орналасу ерекшелігі мен оларды пайдалану мүмкіншіліктері, табиғи-ресурстық потенциалдарын қарастыру. Оларды құрылыс саласында, өндіріс орындарында кеңінен пайдалану жолдарын анықтау.

Облысымызда отқатөзімді кірпіштің бай қоры, минералды бояғыштар, барит, кварц құмы, әктас, гипс, глаубер тұзы және т.б. мол кездеседі. Облысымызда 89 жуық құрылыс материалдарына қажетті кең орындары тіркелген. Сонымен қатар кірпіш шикізаты орындары - 41; шағыл құмы материалдары – 8; құрылыс тастары – 18; цемент шикізаты – 2; құрылыс құмы – 13; әктас – 3; керамзит шикізаты – 2; формалық материалдар -1; ас тұзы -13; декоративтік-қаптырмалық тастар - 4. Осылардың ішінде 62 кең орыны пайдаланылмай келеді.

Олардың қатарына Сарыбады әктас кең орны, Май және Пограничное саз кен орындары, Ақтоғай құм кең орны, ТМД бойынша ірі Қарасор кең орнында қалыпты